

«Бекітемін»

«Жетісу облысының Дәнеш

Ракышев атындағы

Филармониясы МКҚК»

С.Ж. Джексембаев

2025 год



«Жетісу облысының Дәнеш Ракышев атындағы филармониясы»
МКҚК-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандапты

1. Жалпы ережелер

1. «Жетісу облысының Дәнеш Ракышев атындағы филармониясы» МКҚК (булан әрі - Кәсіпорны) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандапты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашалағы Қазақстан Республикасы Занының 10-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Тарапасы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандапты қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандапты қоғамдық қатынастардың окшауланған саласы үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандапты әзірлеу міндеттері:

- 1) қоғамдық қатынастардың окшауланған саласында жұмыс істейтін адамдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және отардың жатымсыз салдарының алдын алу.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандаптың қатидалары:

- 1) заңдылық;
- 2) транспаренттілік;
- 3) әдептілік;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау

және отарды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қактығысын болдырмау.

5.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың окшауланған саласында жұмыс істейтін адамдардың іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

6.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-қимылдар:

1)Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2)өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді даярлау және қабылдау;

3)Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

4)тиісті тіршілік ету саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар.

2. Қоғамдық қатынастардың окшауланған саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1)Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Министрдің және жауапты хатшының бұйрықтарын, сондай-ақ Басқарманың және Кәсіпорны Ережесін басшылыққа алуға міндетті;

2)Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

3)адал, әділ, қарапайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, сыпайылық пен әдептілік танытуға;

4)жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті;

5)өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға міндетті;

6) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға тиіс;

7) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

8) жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуге;

9) мемлекеттік органда еңбек заңнамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың орындалуын қамтамасыз етуге, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

8. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға:

1) Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын акшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беруге міндетті;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айкындығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеуге міндетті.

9. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке басының мүддесінің туындағаны туралы, Сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей немесе тікелей басшыға баяндауға;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

3) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар бермеуге және қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

4)сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

5)өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ак материалдарды тездетіп карағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу не болмаса әуре-сарсаңға салу туралы басшылыққа дереу баяндауға міндетті;

6)орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшысына жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндетті;

7)егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшыға жүгіну қажет;

8)кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тартуға құқығы бар.

10. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

1)нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау мен талқылауға жұртшылықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті түрде қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;

2)Басқармасының құрылымдық бөлімшелерінің құқықтық актілерге мониторинг жүргізуін үйлестіруді және тұрақты негізде тиісті есептер дайындауды қамтамасыз ету;

3)әзірленген нормативтік құқықтық актілердің жобалары мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілгенге дейін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында жария талқылау үшін орналастырылсын;

4)нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбауға міндетті.

11. Кәсіпорын қызметкерлерін іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:

1)тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімдерін сақтауға міндетті;

2)басқармаға қызметке/жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3)кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті;

4)мемлекеттік қызметшілердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

5)қызметке/жұмысқа кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге;

6) басқарма қызметкерлеріне қатысты қызметтік тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізуге міндетті.

12. Өмір сүру саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын басқа қатынастар кезінде:

1) бағынысты лауазымды тұлғалардың қызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін нақты және нақты айқындау;

2) қарамағындағы лауазымды тұлғалар арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға міндетті;

4) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге тиіс;

5) нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеуге;

6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбауға;

7) қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

8) әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақтылы қабылдауға;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге, автокөлік құралдарын қоса алғанда, меншікті қызметтік мақсаттарда ұтымды, тиімді пайдалануға міндетті.

13. Өзге де шектеулер мен тыйымсалар

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, Мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтауға міндетті;

3) Кәсіпорны басшысының лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарылған бұйрықтарын орындауға міндетті;

4) әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуге міндетті.

5) қызметтік өкілеттігін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдауға міндетті;

6) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеуге және ынталандырмауға тиіс;

7)мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға міндетті.